

P 2005
930



Ақтау
ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ
ЭНЦИКЛОПЕДИЯ







Тараз

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ

ЭНЦИКЛОПЕДИЯ



“Қазақ энциклопедиясының”

Бас редакциясы

Алматы, 2003

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

С. УМБЕТОВ – редакциялық кеңес төрағасы
Б. АҚПАЕВ, Б. АЯФАН
Б. ӘБІЛДАҰЛЫ, Е. ӘЛІМЖАНОВ,
Ә. ӘМЗЕҰЛЫ, К. БАЙБОСЫНОВ,
К. БАЙПАҚОВ, М. БЕРІК,
Б. ЖҮМАТАЕВ,
К. ДЕМЕШ (төрағаның орынбасары),
А. КӘРЕНТАЕВ, Б. КӨМЕКОВ,
М. ҚОЙГЕЛДИЕВ,
М. МЫРЗАХМЕТҰЛЫ,
К. РЫСПАЕВ

613

55984



СМБС № 601
Черок



Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Тараздың 2000 жылдық тойының ашылу салтанатында

ҚАСИЕТТІ ШАҢАР,

ҚАСТЕРЛІ ӨҢІР

Екімыңжылдық тарихында замана желінің өсерімен аты сан рет өзгеріп, ертеректе Талас, Тараз, Әулиеата болып, одан кейін кеңестік дәүірде алдымен Мирзоян, соナン соң Жамбыл атанған қасиетті көне шаһарға 1997 жылы облыс жұртшылығының тілегіне орай, Елбасының Жарлығымен өзінің ежелгі Тараз атауы қайтарылды. 2002 жылы дүние жүзіндегі ең беделді халықаралық үйым — Біріккен Ұлттар Үйімінің Білім беру, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі бөлімшесі (UNESCO) екімыңжылдық шежіресімен, терең тағылымды тарихымен талай ұлы дүбірлі оқиғаны бастаң өткерген, ортағасырдағы ең сөүлетті де сәнді қалалардың бірі — Тараздың 20 ғасырлық мерейтойын өткізу туралы шешім қабылдады. Бұл тарихи мерекені ЮНЕСКО шеңберінде өткізу тәуелсіз Қазақстанның тұнғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бастамасы болатын.

Тойдың ерекше оқиғасы — қаланың орталық алаңында елін, жерін корғап, оның тұтастығы мен бостандығы үшін қурескен батыр әрі би, бүкіл алаш жұрты қастерлейтін ұлы бабамыз Бәйдібекке еңсөлі ескерткіштің ашылуы болды. Осынау сәүлет өнері туындысының шымылдығын Елбасының өзі түсіріп, қонақтар мен тойға жиналған жұртшылық алдында терең мағыналы тебіреніске толы сөз сөйлемеді. Ол: “Тараздың тойы — қара ормандай халқымыздың ежелден бергі ұзақ тарихымыздығы ұлан-асыр қуанышы, текті Тараз — біздің халқымыздың әткені мен бүгінін жалғап тұрган асыл арқау, мәнгіліктің алтын өрмегі”, — деген баға берді.

Той барлық сән-салтанатпен өтті. ЮНЕСКО-ның өкілдері мен шет ел дипломаттары келді. Тойдың басты тағылымы — ғасырлар тұнғысынан сыр

шертетін тарихи жәдігерлеріміздің мол екендігі. Тараз тойы халық тойы болды. Ендеше осынау қасиетті қала туралы бұл энциклопедиялық жинақтың құндылығы да ерекше, ол өрбір үйдің төріндегі кітап сөресінде тұратын жау-хар жәдігерлердің бірі болары хак.

Ұлы Жібек жолының бойындағы орта ғасырдан келе жатқан көне шашарға Шығыстың даңқты шайыры Омар Хәйям, ғұлама бабамыз Мұхаммед Хайдар Дулати, Ұлы моғол империясының негізін қалаған Темір өuletінің ұрпағы Мұхаммед Бабыр, түркі халқының дарынды тұлғаларының бірі — Махмұд Қашқари, т.б. ойшылдар назар аударғаны белгілі.

Бұл өнірде бабалар тарихына байланысты қасиетті де қастерлі орындар көп кездеседі. Қарахан баба мен Айша бибі, Бабажы қатын мазарлары, Әулиелікпен аты шыққан Тектүрмас биігі, атақты Атшабар аланы, тағы басқа киелі орындарға жұртшылық ағылып келіп, зиярат етіп жатады. Тараз ежелгі ислам мәдениетінің орталығы болғанын, 893 жылы мұнда жұма мешіті салынғанын ғалымдар мен зерттеушілер тарихи деректемелерден (археологиялық қазбалардан, балбал тастардан, тастарға салынған суреттер мен бедерлерден) анықтап отыр.

Бұл кітап Тараз өнірінің бай тарихын, оның жасампаз адамдарының бүгінгі тыныс-тіршілігін көрсетуге арналған. Соңғы жылдары “Қазақ энциклопедиясы” жабық акционерлік қоғамының ұжымы аймақтық энциклопедиялар шығарып, әр аймақтың өзіндік ерекшеліктерін жан-жақты көрсетуге үмттылып келеді. Енді міне, қасиетті Тараз өнірі жайлы жаңа кітап оқырмандарға жол тартып отыр. Шежіре іспетті бұл кітапта аймақтық табиғаты, әкімшілік-аумақтық құрылымы, экономикасы мен өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы мен өндіріс ошақтары, қазба байлықтары мен кен орындары, географиялық атаулары, өркен жайған ғылымы мен білімі, әдебиеті мен мәдениеті, туризмі мен спортына қатысты атаулар, облыстың танымал адамдары, мемлекет және қоғам қайраткерлері өліпби тәртібімен берілді.

Басылым облыс әкімі С.Үмбетовтың тапсырысы бойынша дайындалды.

“Қазақ энциклопедиясының” Бас редакциясы

ТАРАЗ. ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ

ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР. Жамбыл облысы — Қазақстан Республикасының оңтүстігіндегі әкімшілік-аумақтық бөлік. Шу-Іле таулары мен Балқаштың батыс жағалауы, Қаратай жотасы, Қырғыз Алатауы мен Бетпакдала аралығында орналаскан. Облыс — оңтүстігінде Қырғыз Республикасымен, батысында Оңтүстік Қазақстан, шығысында — Алматы облысымен, солтүстігінде Қарағанды облысымен шектеседі. Патшалық Ресейдің 1863 — 64 жылдары әскери жаулаушылық әрекетінің нәтижесінде бұрын Қокан хандығының қол астында болып келген Ұлы жудзің жерлері империяның құрамына енді. Осы өнірде Сырдария және Жетісу облыстары

құрылып, олар Түркістан генерал-губернаторлығына бағынды. Үкіметтің 1867 ж. 11 маусымда қабылдаған жаңа жерлерді басқару жөніндегі “Уақытша Ережеге” сәйкес Өзүлеата уезді құрылды. Ол Сырдария облысына қарады. Оның аумағы батыста Тұлқібас станасы, шығысы Шу өзенінің батыс жағалауына, оңтүстігі Сузамыр алабына (қазіргі Қырғыз Республикасының Талас облысы), солтүстігі Шудың төмөнгі ағысына дейінгі жерді алып жатты. Орталығы Өзүлеата шанары болды. 1917 ж. Қазан төңкерісінен кейін уезд 1918 ж. 30 сәуірде құрылған автономиялық Түркістан Кеңестік социалистік республикасының құрамында болды. 1924 ж. Орта Азиядағы Үлттық-аумақтық межелеуге байланысты уезд Сырдария облысының, кейінірек Алматы округінің құрамына енді. 1927 ж. әкімшілік-аумақтық аудандастыруға сәйкес уезд негізінде 6 аудан құрылды: Жамбыл, Луговой, Меркі, Сарысу, Талас, Свердлов. Олар Оңтүстік Қазақстан облысының құрамына кірді. Өлкенің өндіріш күштерін шапшаң дамыту



Жамбыл облысының орталығы — Тараз қаласы

және оны әлеуметтік-мәдени тұрғыдан тулету жөніндегі күрделі проблемаларды шешу мақсатында 1939 ж. 14 қазанда осы аймақта өз алдына Жамбыл облысы құрылды. Оның құрамына аталған 6 ауданнан басқа Алматы облысынан Қордай, Красногор, Шу, ал 1951 ж. Оңтүстік Қазақстан облысынан Жуалы ауданы берілді. Жер колемі 144,3 мың km^2 . Тұрғындары 979,5 мың адам (2003). Орталығы — Тараз (1997 ж. дейін Жамбыл) қаласы. Облыста барлығы 10 аудан, 4 қала, 133 кенттік және ауылдық округтер бар.

ХАЛҚЫ. Облыста Қазақстан халқының 6,6%-ы (2003) тұрады. Басым көшілігі қазактар (64,8%); қалғандары — орыстар (18,1%), дүнгендер (3,1%), өзбектер (2,3%), корейлер (1,4%), т.б. Облыс тұрғындарының 46,1%-ы (439,3 мың адам) қалада, 53,9%-ы (540,2 мың адам) ауылда тұрады (2002). Халқының орташа тығыздығы 1 km^2 -ге 6,8 адамнан, тау бөктеріндегі өнірде халық тығыз орналасқан (Тараздың төңірегінде 50 адамнан). Облыстың солтүстік және орталық бөлігінде халық сирик (Шу өзенінің төмөнгі сағасында 1 km^2 -ге 1 — 2 адамнан). Қыргыз Алатауының етегінде 1 — 2 мың тұрғыны бар ірі елді мекендер көбінесе өзен, канал бойларында орналасқан, кейде олар бір-біріне ұласып жатады. Шағын елді мекендер (50 — 100 адам) Шу-Іле таулары мен Қаратаяу-



Бақытты балалық шақ



Облыс және қала басшылары мерекелік шеру кезінде



Достық пен бейбітшілік — ұранымыз!



Облыс әкімі тұрғындар арасында



Еліміздің болашағы — жастар


дың етегінде, Шу, Талас өзендерінің сағасында орналасқан, бұлар бұрын, негізінен, мал фермалары болған, қазір жеке шаруашылық кожалықтары. Қалалары: *Тараз, Қаратай, Шу, Жанатас*.

ТАБИФАТЫ. Жер бедері. Облыстың аумағы батысы Арал теңізімен, шығысы Жетісү (Жонғар) Алатауымен шектелетін Қазақстанның оңт. бөлігінің дәл ортасында, $42^{\circ}22'$ және $46^{\circ}00'$ солтүстік ендік пен $68^{\circ}15'$ және $75^{\circ}55'$ шығыс бойлық аралығында орналасқан. Жері негізінен жазық. Солт. бөлігі (Бетпақдаланы есептемегендे) негізінен, Талас және Шу өзендері алаптарында орналасқан. Шу аңғары облысты екіге боледі. Солтүстік бөлігінің батысы түгелімен ойысты-сортанды, шығысын ұсақ шоқылы-жартасты Бетпақдала шөлі алып жатыр. Оның теңіз деңгейінен биіктігі 350 — 500 м. Мұндағы ең биік жері — *Байқара* тауы (665 м). Шу өзенінің оңтүстік бөлігі — төбешікті-қырқалы келген *Мойынқұм* құмды алқабына (теңіз деңгейінен биіктігі 300 — 600 м) уласады. Оның орта бөлігіндегі құм бүйрараттардың арасында көптеген шұраттар (оазистер) кездеседі. Бұл жерлерде жер асты суы (грунт суы) жер бетіне жақын жатыр. Облыстың шығысында *Шу-Іле* тауларының аласа келген *Желтас*, *Айтас*, *Хантау*, *Майжарылған* таулары және *Қона*, *Қараой* үстіртті жазықтары орналасқан. Олардың биіктіктері 1500 мден аспайды. Беткейлері көлбеу, жоталары жатық келеді. Облыстың қыыр оңтүстік-шығысында *Іле* Алатауына қабысып, *Кіндіктас* пен *Жетіжкол* таулары жатыр. *Шу-Іле* тауларынан бастау алатын өзендердің барлығы дерлік жаз айларында кеүіп, құрғақ арналарға айналады. *Шу-Іле* тауларының оңтүстік-батысында, Шу өзенінің оң жағалық аңғарын ала солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай созыла орналасқан *Сарыой* үстіртті жазығы мен *Сексеуілді* даласы жатыр. *Сарыой* жазығында мемлекеттік *Андасай* қорықшасы ор-

наласқан. Облыстың оңтүстік, оңтүстік-шығысында *Қыргыз Алатауының* Қазақстанға қарасты солтүстік, солтүстік-батыс бөлігі орналасқан. Оның сүйірлене келген жоталары (биіктігі 4000 м-ге жетеді) шығыстан батысқа қарай төмөндей береді. Облыс аумағындағы оның ең биік жері — *Меркі* өзені бастау алатын түсі (4099 м). Жалпы, ендік бағытта орналасқан *Қыргыз Алатауының* 4000 м-ге жуық бірнеше жоталары мен сілемдері бар. Сонымен қатар, *Қаратөбе*, *Мақбел*, *Шунқыр*, *Құмбел* атты асулары орналасқан. Олар арқылы жаяу немесе салт атты адамдар көрші *Қыргыз* еліне өте алады. *Қыргыз Алатауынан* облыстың бірнеше өзендері (*Мақбел*, *Шалсу*, *Шунқыр*, *Қарақат*, *Меркі*, *Аспара*, т.б.) бастау алады. Облыстың оңтүстік-батысында облыс аумағына *Талас Алатауының* қыыр солтүстік бөлігі кіреді. Таудың облыс аумағындағы бөлігінің ең биік жері — 4027 м. Мемлекеттік *Ақсу-Жабагылы* қорығының солтүстік-шығыс бөлігі (*Жуалы* ауданы аумағында) осында орналасқан. Облыстың оңтүстік-батыс аумағына *Қаратай* жотасының солтүстік-шығысындағы *Үлкен Ақтау* мен оңтүстік-шығыс бөлігі (*Кіші Қаратай*) кіреді. Оның облыс аумағындағы ұз. 150 км шамасында. Ең биік жері *Кіші Қаратай* жотасының орта түсі (1610 м). Оңт.-шығысында ірі фосфорит кен орындары, полиметалл кентастары бар. Жотадан жаз ортасында құрғап қалатын немесе жылғаға айналатын бірнеше өзендер (*Буркітті*, *Шабакты*, *Қектал*, т.б.) бастау алады. Жотаның солт.-шығыс өңірінде бірнеше көлдер тобы (*Билікөл*, *Аққөл*, *Аңықөл*, *Ақжар*, *Жылқыбай*, т.б.) жатыр. Облыстың орталық өңіріндегі сазды-тактатасты, құмды төбешікті жерлерінде бұлақтар, ұсақ тұзды көлдер, құдықтар көптеп кездеседі. Олардың маңы жыл бойы мал жайылымдарына пайдаланылады.

Жер бедерінің қалыптасу тарихы. Облыс аумағы бүкіл Қазақстан жеріндегі ұзақ уақыт бойы Жердің ішкі және сыртқы күш-

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНЫҢ ФИЗИКАЛЫҚ КАРТАСЫ



МАСШТАБЫ 1:3 000 000

© Курастырушы авторы және редакторы Б.Жұматов

76°

терінің өсер етуі нәтижесінде қалыптасқан. Аумакты бірнеше рет теңіз басып, кейіннен құрлыққа айналып, одан кейін қайта теңіз сүзы астында қалып отырган. Жер бетінде таулар пайда болып, кейіннен олар мұжлілп, жазыққа айналған. Мұндай құрдеді процестер ондаған, жүздеген миллион жылдар бойы қайталанып отырган. Соның нәтижесінде облыс аумағының қазіргі жер бедері қалыптасқан. Қазіргі жер бедерінің қалыптасуын 2 кезеңге бөлуге болады. Бұлар — ерте мезозой-палеоген және жаңа неоген-торттік кезеңдер. Палеозойдағы қарқынды соңғы тектоникалық қозғалыс өсептін 9
герцин қатпарлану дәүірінде облыс аумағының оңтүстігінде биік таулар пайда болған. Кайнозой эрасының басында олар мұжлілп біржолата құрлыққа айналған. Жердің жаңа тарихының (кайнозойдан бастап) үзактығы 55 — 65 млн. жылға созылған. Облыс аумағының қазіргі жер бедерінің қалыптасуы жер қабығының алыпілік қозғалысымен тығыз байланысты. Торттік кезеңде жер бетінің қалыптасуы одан өрі



Талас Алатауының солтүстік етегі



Жазғы жайлау

жалғасқан. Палеоген кезінде облыс аумағында тектоникалық қозғалыс өте баяу жүрген. Осы кезеңде облыстың солтүстігіндегі ескі тау жүйелері бұзылып, жазық өнірлерге (Бетпақдала) айналған. Биік таудың бұзылып ойпаттарға жиналуынан аккумуляттік жазықтар (Шу, Талас өзендері алабы) пайда болған. Неогеннің басында жер қыртысында бірнеше дүркін қозғалыстар болды. Бірақ олар облыс аумағына айтартылғай озгеріс өкелмеді. Неогеннің екінші бөлігінде (12 — 15 млн. жыл бұрын) облыс аумағында тау массивтері қарқынды қөтеріле бастады. Осы уақыттан бастап жаңа тектоникалық қозғалыс дәүірі жүріп, ірі тау жоталары (Қырғыз Алатауы, Талас Алатауы, Өгем жотасы, т.б.) қалыптаса бастады. Тауаралық ангарлар мен ірі өзен ангарлары пайда болды. Құм, тактасты материалдар тау алды жазығы мен тауаралық ойыстарға ысырылды. Жарылу және тілімдену нәтижесінде Шу өзенінің арналары пайда болды. Облыс аумағында неоген кезеңінің аяғында аридтік климат үстем болған. Облыс аумағын қамтыған сирек орман орнында шөл және қуаң дала қалыптаса бастады. Торттік кезеңде (1 — 1,2 млн жыл бұрын) облыстың оңтүстігінде мезгіл-мезгіл қарқынды қөтерілулер қайталанған. Бұрынғы түгелімен дерлік жазық аумактар бірнеше бөліктерге жарыла ажыратылды. Кейбіреулері едөүір биіктіктерге қөтерілген. Кейде неогеннің қызыл түсті саз балшықтары тау бастарында

кездеседі. Жоталар биік таулық кейіпке келіп, биіктігі 3000 — 4000 м-ге жеткен. Тауаралық ойыстар айқындалып, тау алды жөне тауаралық аңғарлар мен қазаншүңкырлар қалыптасқан. Тауларды төрттік кезеңде екі рет мұз басқан. Осы кезеңде Шу өзені жүйесі құрылған. Алғашқы мұз басудан кейін қарқынды түрде терең шатқалдар жасап, облыстың онтүстігіндегі өзендердің (Корагаты, Меркі, Аспара) арналасы қалыптаса бастаған. Қазіргі кезеңде неотектоникалық қозғалыс өлі жалғасуда. Қыргыз Алатауы мен Талас Алатауындағы тау түзілім процестері де өлі тоқтаған жоқ. Оған 2003 жылдың мамыр айында Тұрар Рысқұлов ауданында болған жер сілкінісі дәлел (к. *Куландағы жерсілкініс*).


- 10 Геологиясы және кен байлықтары.** Қазақстан жерін тектоникалық аудандастыру 1:1500 000 масштабты картага негізделген. Бұл тұрғыдан облыс аумағы Шығыс Еуропа платформасының Орал-Монгол қатпарлы белдеуінін батысын алғып жатыр. Қатпарлы белдеу өзінің онтүстік-батысында Тұран плитасына (ойпатына) жалғасады. Оның шығыс бөлігінің жоғарғы тысы жоғарғы триастан антропогенге дейінгі теңіздік, континенттік, терригендік, карбонаттық-терригендік шөгінділерден (қалындығы 4 — 5 км-ге дейін) түзілген. Фундамент құрамы әр түрлі келген кем-

брийден триасқа дейінгі геосинклинальдік және квазиплатформалық геологиялық формациялардан тұрады және интрузиялар бойлаған жарылымдармен тілімденген. Қаратая өнірінде кембрайге дейінгі метаморфтануга шалынған жыныстары, кембрий-ордовиктің кремнийлі-тақтатасты ванадийлі және фосфоритті карбонатты-терригендік шөгінділері, жоғарғы девон — төменгі карбонның карбонатты шөгінділері көптеп кездеседі. Қекшетау — Солтүстік Тянь-Шань қатпарлы жүйесіне жататын каледониттер түгелімен дерлік Бетпақдалы алғы жатыр.

Облыс жер қойнауы кен орындарына бай. Мұнда ірі газ кен орындары (Амангелді, Малдыбай, Анабай, Айрақты, Солтүстік Ушарал, Ушарал-Кемпіртөбе), мыс

(Шатыркөл, Жайсан), қорғасын-мырыш (Родниковское), алтын (Ақбакай), алмас (Шу-Іле тауларында), фосфорит (Қаратая өнірі), тас көмір (Талас-Қаратая аралығы), ас тұзы, гипс, селитра, т.б. кендер барланып, кейбіреулері өндірілуде.

Климаты. Климаттық тұрғыдан облыс аумағының жазық өнірі Балқаш — Арал, Жоңғар (Жетису) — Шу — Іле және Қаратая-Қызылқұм климаттық облыстарына жатады. Олар өз тұрғысынан бірнеше климаттық аудандарға бөлінеді. Облыс аумағын қамтитын аудандарға Орталық Қазақстан кли-



Амангелді газ кені орнындағы алғашқы бұрғылау үнгымасы

маттық ауданының оңтүстік бөлігі (Бетпакдала), Балқаш маңы климаттық ауданының батыс бөлігі (Балқаш көлінің батысы), Мойынқұм климаттық ауданы, Талас ангары климаттық ауданы, Шу-Талас климаттық ауданы жатады. Одан басқа облыстың таулы өнірі — Батыс Тянь-Шань таулы климаттық облысының Жуалы, Шығыс Қаратаяу, Солтүстік Қырғыз және Шу-Іле климаттық аудандары кіреді. Жазық өнірлердегі климаттық аудандарға, негізінен, қуан климат тән. Облыстың бұл өніріне ылғалға мол континенттік Сібір және арктикалық ауа массасы енеді. Ылғалды ауа массасының қайталануы сирек, облыстың оңтүстігіне жеткенше оның ылғалы азаяды. Климаттық аудандардың жалпы касиеттеріне тән нәрсе — қысым градиенті мен жел жылдамдығының күшеюі. Желдің жылдық орташа жылдамдығы 3 — 4 м/сек, Балқаш көлі маңында 4,5 — 5 м/сек. Желдің баяу жылдамдығы жаздың аяғы мен күздің басында байқалады. Ал жел жылдамдығының максимумы қыстың 2-жартысина келеді. Бұл кезде облыс аумағы арктикалық шептің өсерінде болады, қысымдық градиент үлгайды. Ал жаз айларындағы жылы ауа жазыққа оңтүстіктен келетін ыстық ауа массасының тез таралуы нәтижесінде болады. Облыстың жазық өніріндегі жылдық температура амплитудасы 78 — 84°C, тәуліктік температура амплитудасы 20 — 30°C.

Орталық Қазақстан климаттық ауданының облыс аумағына қарасты оңтүстік бөлігінде (Сарысу және Мойынқұм аудандарының солтүстік бөлігі) климат қуан өрі ыстық. Бұл өнір теніз деңгейінен 400 — 600 м биіктікте. Мұнда ауа массасы еркін ауысып отырады. Сондықтан орташа айлық ауа температурасының жылдық амплитудасы 38°C-қа жете-



Қызық көрініс



11


Жазғы тан

ді, абсолюттік максимумы 90°C. Бұл көрсеткіш облыс аумағы ғана емес бүкіл Оңтүстік Қазақстанның жазық өніріндегі ең үлкен амплитуда. Оған негізгі себеп — сүйкі ауа массасының еркін енуі және қыста олардың тез жылжуы, жаз айларында жылы ауа массасының енуі және жергілікті жерде оның тез ысынуы. Қыс айларындағы ауа температурасының орташа мөлшері —14 — 12°C. Ауданының солтүстік бөлігінің жазық болуына байланысты Сібір және арктикалық ауа массасы еркін енеді де қыс айларында кейде —43°C — 46°C-қа дейін төмендейді. Мұнда қыс айларындағы теріс температуралың жынтығы 1400 — 1500°C-қа жетеді. Бұл өнір облыстағы ең ұзақ қыс болатын өнір. Аязды құндердің ұзактығы 160 — 170 күн. Тұракты қар жамылғысы қараша айының 2-онкундігінде калыптасады. Климаттық


ауданда шығыс желдері басым және оның орташа жылдамдығы 6 м/сек-ты курайды. Қыстың екінші бөлігінде желдің жылдамдығы өзінің шегіне жетеді. Көктемдегі соңғы үсік мамыр айының ортасында байкалады. Мұнда көктемдегі температура онтүстік аудандарға қарағанда 4 — 5°C төмен. Ауданның жазы онтүстікке қарағанда біршама салқын. Шілде айының орташа температурасы 23 — 25°C. Онтүстік өңірлерге қарағанда жаз 20 — 25 күндей қысқа. Ыстық күндер мамыр айының аяғында басталады. Оның ұзактығы 80 — 100 күндей. Ыстық кезеңдердің болуы Орталық Азиядан келетін термиялық депресияға байланысты. Құн сайын дерлік температура 40°C-қа жетіп отырады, ал максимум температура 45°C-та тіркелген. Жаз айында бұлтсыз ашық аспанды тәуліктік орташа температура 18 — 25°C-қа дейін жетеді. Жылдық жауын-шашының 60%-ы жылдың жылы кезеңінде (өсірек көктем, күз айларында) жауады. Күздің бірінші жартысында күн ашық, жылы және күрғақ болады. Бірақ екінші жартысында температура тез төмөндейді, ауаның циклондық өрекеттері күшінейді, қыркүйектің соңында алғашқы үсік жүреді. Ауданның климаттық жағдайы маусымдық жайылымға (қысқы, көктемті, күзгі) қолайлыш. Температуралық жағдай, ұзак ұақыттық вегетациялық кезең (170 — 180 күн) және осы кезеңнің температура жиынтығы (3700 — 3800°C) мұнда бидай, тары, қант қызылшасы, мақтаның тез пісіп жетілетін сорттарын және бау-бакша дақылдарын өсіруге қолайлыш. Бірақ жауын-шашын аз болуы және тұрақты су көздерінің болмауы қындық туғызады.

Балқаш маци климаттық ауданының батыс болігі облыстың Мойынқұм ауданы аумағының солтүстік-шығысын қамтиды. Климаты күрғақ және жылы. Облыстың басқа аумағына қарағанда мұнда ең сүйк ызыгарлы қыс болады. Оған солтүстік-шығыстағы Зайсан

қазаншұңқырынан келетін сүйк ауа масасы себеп. Мұнда қыста ашық күндер облыстың басқа аумағына қарағанда басым. Сондықтан, Құн радиациясының мөлшері киыр онтүстік аудандардан кем емес. Қыс кезеңіндегі қысымдық-циркуляциялық жағдай Сібір максимумымен және антициклондармен анықталады. Антициклон нәтижесінде (ашық аспанды күндердің мол болуы) ауа тез сүйнеп, ауа температурасы өте тез төмөндейді. Бүкіл аудан бойында қыс айларының орташа температурасы қаңтар айының соңында байкалады. Мысалы, Балқаш көлінің батысында (Құйған ауылы түсында) орташа температура қаңтарда —20°C-ты көрсетеді. Қыс онтүстік аудандарға қарағанда 2 аптарадай ұзак болады. Көктем онтүстік аудан-



Жамбыл ауданындағы Тасқөл




Улкен Қайыңды сайындағы сарқырама

дарға қарғанда 10 — 15 күн кейін басталады және ол төуліктік ауа температурының өзгеріп отыруымен ($23 - 24^{\circ}\text{C}$) ерекшеленеді. Наурыз айында кейде орташа айлық температура қалыптан $9 - 11^{\circ}\text{C}$ -қа дейін өзгереді. Вегетациялық кезеңнің ұзактығы 175 — 180 күндей, температура жиынтығы бұл кезеңде $3300 - 3500^{\circ}\text{C}$. Жаз айлары ыстық және қуан. Шілде айының орташа температурасы $23 - 24^{\circ}\text{C}$. Ең ыстық күндерде температура $39 - 44^{\circ}\text{C}$ -қа жетеді. Үсік мамыр айының ортасында да болуы мүмкін. Балқаштың бұл бөлігінде облыс аумағындағы жауын-шашының ең аз мөлшері ($90 - 110$ м) байқалады. Жауын-шашының ең аз жауатын мезгілі — тамыз, қыркүйек айлары. Тұракты қар жамылғысы қарашаның аяғы — желтоқсанның басына келеді. Мұнда желдің жылдамдығы $6 - 10$

м/сек және оның негізгі бағыты солтүстік-шығыс және солтүстік. Боранды күндер қантардың аяғы және бұқіл ақпан айларында байқалады. Әсіресе, көктем кездерінде қатты желдер жи болжып тұрады. Жаздағы қатты желдер шанды құйын мен дауыл тудырады. Желдің жылдамдығы кейде 20 m/sec -ка жетеді. Бұл климаттық ауданның аумағын көктемгі және күзгі жайылым ретінде ғана пайдаланады.

Мойынкүм климаттық ауданы толығымен дерлік облыстың орталық белігін қамтиды. Аудан төбешікті-қырқалы келген Мойынкүм шөлін, Талас және Шу өзендерінің төменгі шөлейтті ангарларын және Қаратаудың солтүстік-шығыс белігін алып жатыр. Ол ендік бағытта облыстың барлық ауданы арқылы өтеді.

Өсімдік жамылғысы, негізінен, баялышты-жусанды, бүйірғынды-жусанды және астық тұқымдасы аралас бүйірғынды-жусанды келеді. Олар сөл сортанданған және сортанды сүр топырақта оседі. Грунт сұзыжақын жатқан ойысты және шалғынды жерлерде жусанды-соранды, ши және әр түрлі астық тұқымдасты шөптесіндер өсікен. Климаттық аудан қоныржай сұық қысымен, ыстық жазымен, температуралық айырмашылығымен және төуліктік температуралың улкен амплитудасымен ($20 - 30^{\circ}\text{C}$) ерекшеленеді. Ауданың солтүстік жағы арктикалық ауа массасының және Сібір антициклонының өсерінде болғанымен Орталық Қазақстан және Балқаш маңы климаттық аудандарына қарғанда термиялық фоны жоғары. Әсіресе, ол жылдың сұық кезеңдерінде байқалады. Мұнда қыс (қантар айының орташа температурасы $-8 - 12^{\circ}\text{C}$) солтүстіктері екі климаттық аудандарға қарағанда $4 - 5^{\circ}\text{C}$ -тай жылы. Теріс температуралың жиынтық мөлшері $600 - 800^{\circ}\text{C}$ -ты құрайды. Балқаш маңы климаттық ауданына қарғанда қыс бір айдай қысқа болады. Наурыз айының басында немесе орта түсінде көктем басталады. Көктем бұқіл аудан бойында бір мезгілде



Күмдү жал

(климаттық ауданың ендік бағытта орналасуына байланысты) дерлік байқалады.

Сөүір айының ортасында үсік тоқтайды.

Бірақ кейбір жылдары ол сөүірдің аяғында да болуы мүмкін. Аудандағы аязсыз күннің ортаса мөлшері 5,5 айға (170 күндей) жетеді. Сөүір айының соңында жаз басталады. Оның ұзактығы 138 — 148 күнге жетеді. Шілде айының ортаса температура мөлшері $25^{\circ} - 27^{\circ}\text{C}$. Маусым айының ортасында тұрақты ыстық ауа райы орнығып, ол қыркүйектің басына дейін созылады. Жаз кезеңіндегі температура жиынтығының мөлшері $3000 - 3200^{\circ}\text{C}$. Бұл кезеңде ауа ылғалдылығы өте төмен болады. Мысалы, Ойық метеостансасында 178 күнге созылатын ыстық кезеңдегі ауаңың салыстырмалы ылғалдылығы 30%-ды құрады. Қыркүйек айының 3-онкүндігінде күз басталады. Ауа температурасының 10°C -тан жоғары тұрақты кезеңі климаттық ауданың солтүстігінде қазан айының басында, онтүстіктегі қазаның соңында болады. Құздегі үсік солтүстікте қыркүйектің соңында, онтүстіктегі қазан айының 1-онкүндігінде болады. Қысқы кезең солтүстікте қараша айының басында, онтүстіктегі осы айдың соңында басталады. Жауын-шашынның ортаса мөлшері $120 - 200$ мм. Онтүстіктегі көтеріңкі келген бөлігінде жылдық жауын-шашынның ортаса мөлшері 280 мм-ге жетеді. Жауын-шашынның 50%-ға жуығы жылдың жылы кезе-

нінде жауады. Оның 50%-ға жуығы сөүір-мамыр айларына келеді. Мұнда тұракты қар жамылғысы болмайды. Тек көтеріңкі келген қызыр шығыс бөлігінде оның калындығы 10 см-ден аспайды. Аудандағы желдің басым бағыты шығыс, солтүстік және солтүстік-шығысқа келеді. Тасты елді мекені маңында солтүстік желдің жылдық қайталануы 51%-ды құраса, Ұланбел ауылы маңында ол 60%-ға жетеді. Желдің жылдық ортаса жылдамдығы $2,9 - 3,3$ м/сек. Қейде оның жылдамдығы көктемде 20 м/сек-ка




Мойынкүмдағы түйелер

жетеді. Аумақтың климаттық және топырақтық жағдайына қарай көктемгі, күзгі және қысқы мал жайылымы ретінде пайдаланады. Қысқы жайылым, негізінен, Шу өзенінің құмды келген төменгі ағысы мен Мойынкүмда болады. Тұрақты су көзінің болмауынан шөлдік жайылымды толық пайдалануға мүмкіншілік жоқ. Егер шаруашылығы суармалы жерлерде және Шу, Талас өзендерінің жайылмаларында ғана бар. Шу аңгарының орта, төменгі ағыстарында 10°C -тан асатын температура жиынтығы $3460 - 3800^{\circ}\text{C}$ -ты құрайды.

Шу - Талас климаттық ауданы облыстың Қыргыз және Талас Алатау-шалдарының шөлейтті тау алды жазығын және Шу мен Талас өзендерінің орта аңгарын камтиды. Бұл ауданың теңіз деңгейінен биіктігі $400 - 700$ м. Мұндағы топырақ жамылғысы бозғылт сүр, бозғылт

коңыр. Кейбір жерлерін шалғынды сүржәне өзен жайылмаларының шалғындысортаны топырағы қамтыған. Оларда, неғізінен, жусан мен бетеге, боз басым есекен. Климаттық аудан оңтүстіктен, оңтүстік-батыстан және оңтүстік-шығыстан тау жоталарымен қоршалған. Бірақ бұқіл солтүстік, солтүстік-шығыс жағы ашық және жазық дала болғандықтан, оның аумағына солтүстікten келетін сүйк ауа массасының енуіне қолайлы жағдай туады және термиялық режиміне өзгеріс өкеледі. Қыста меридиан типтегі ауа айналымы орташа айлық температуралы төмөндөтеді. Мысалы, 1935 ж. Шу қаласы маңындағы қантар айының орташа температурасы -14°C -ты құраса (орташа температурасы $-9,2^{\circ}\text{C}$), 1945 ж. ақпандагы орташа температура -15°C -ты көрсетті (орташа температурасы $-5,3^{\circ}\text{C}$ болатын). 1931 ж. Жамбылдағы (қазіргі Тараз қаласы) ақпандың орташа температурасы $-14,5^{\circ}\text{C}$ -ты көрсетті. Сол жылы жылдың сүйк кезеңіндең ең төменгі температура Таразда $-36 - 41^{\circ}\text{C}$ -ты көрсетті. Жалпы, климаттық аудан облыстың ең жылы қысымен ($-3 - 5^{\circ}\text{C}$) сипатталады. Оған неғізгі себеп, ауданның солтүстік-шығыстан келетін сүйк ауа массасын Шу-Іле тауларының біршама ұстап қалуынан болады. Қыстың ұзақтығы 97 — 108 күн. Оңтүстікте орналасуына байланысты ауданға оңтүстік-батыстан жиі-жиі тропиктік жылы ауа массасы келіп тұрады. Ауданда қатты жел соғып, қарлы боран болуы ете сирек.



Каратай баурайында

Климаттық ауданда көктем ерте басталады. Наурыз айының өзінде-ак орташа айлық температура он мәнді ($2,4 - 3,3^{\circ}\text{C}$) болады. Ауданың тұрақты орташа тәуліктік температурасының 0°C -тан жогары мәні наурыздың 1-онкүндігінде байқалады. Температуралың көтерілуіне байланысты циклондық процестер қарқындаі түседі, жауын-шашын ұлғаяды. Атмосфералық циркуляцияның ұлғаюына байланысты, желдің жылдамдығы $2,5 \text{ м/сек-тан } 3,5 \text{ м/сек-ка}$ дейін күшідейді. Қатты желдің басым бөлігі (38%) көктем айларына келеді. 8 — 17 сөүірде-ак вегетациялық кезең қарқында, температура жынтығы $3300 - 3800^{\circ}\text{C}$ -ты құрайды. Ұсік наурыздың соны, сөүірдің 1-онкүндігінде болады. Соңғы ұсік кейде сөүір айының сонында да болуы мүмкін. Жылдық аясыз күндерінің орташа мөлшері $132 - 174$ күн. Мамыр айының басында жаз басталады. Оның ұзақтығы $130 - 146$ күн. Тұрақты ыстық кезең (орташа 80 күндей) маусым айының 2-жартысында болады. Ауа күргак, оның күндізгі салыстырмалы ылғалдығы $23 - 32\%$. Қыстағыдан жазда да жел тұрақты емес. Шу қаласы маңында солтүстік-шығыс жел басым. Жаз айындағы желдің жылдамдығы $3 - 4 \text{ м/сек-тан аспайды}$. Күздің желі қыс айларындағыдан ($2,5 - 3,5 \text{ м/сек}$). Күздегі алғашқы ұсік қыркүйектің сонында, қазанның басында болады. Кейбір жылдары

үсік қазанның аяғы қарашаның басында болады. 1952 ж. Таразда қарашаның 30-да ауа температурасы -37°C -ты көрсетті. Климаттық аудандагы жауын-шашын мөлшері 268 — 300 мм. Жауын-шашын жылдың



16

Көделі жайлауы


сүйк және жылы мезгілдерінде бірдей дерлік түседі. Тамыз айы — ең күргақ айға жатады: жылдық жауын-шашын мөлшерінің 1,8 — 2,7%-ы ғана түседі. Жауын-шашын көктемде көп болады. Жылдың ең ылғалды айы — сәүірде жылдық жауын-шашының 15 — 17%-ы түседі. Жалпы, әр жылдарда климаттық ауданда жауын-шашын мөлшері құбылып отырады. Мысалы, Тараздағы жылдық жауын-шашының орташа мөлшері 287 мм-ді құраса, кейбір жылдары ол 522 мм-ге жетеді, мінимумы 86 мм-ді құрайды. Шілдеде жау-



Бетпақдала

ын-шашын мүлдем болмайды, не оның мөлшері шамалы ғана. Ауданың онтүстігінде қыста жауын-шашын кейде жанбыр түрінде де болады. Қар жамылғысы шамалы (2 — 2,5 ай жатады), желтоқсанның 10 — 20-нан, ақпанның 20 — 25-іне дейін жатады.

О б լ ы ս տ ы ң т а у л ы а յ մ ғ ы н ы ң климаты өзгеше. Ол да климаттық аудандарға бөлінеді. Сондай аудандардың бірі — Жуалы климаттық ауданы. Оның аумағы 1 мың km^2 -дей. Ол солтүстік-батыс Тянь-Шаньдағы Жуалы қазаниң үңқырын қамтиды. Аудан теңіз деңгейінен 960 — 1500 м биіктікте жөне барлық жағынан дерлік таулармен қоршалған. Сондықтан оның климаттық ерекшеліктері республиканың солтүстік облыстарына жақындау келеді. Климаттық ауданың қалыптасуы



Кордай қыраты

на таулармен оқшаулануы ықпал еткен. Тек солтүстік-шығысында ғана жіңішке келген аңгар жатыр. Сол аңгардан (өткелден) қыста Сібір антициклоны мен арктикалық сүйк ауа массасы енеді. Сонымен бірге жергілікті орографиялық ерекшелік те климатқа өз әсерін тигізді. Ол ауданың жел режимін түзейді. Желдің солтүстік-шығыстан (27%) және онтүстік-шығыстан (25%) қайталануы басым. Жаз және көктемде солтүстік-шығыс желдері жиі қайталанса (30 — 36%), қыста онтүстік-батыс желдері (34 — 37%) басым. Бұл аудан Қазақстанның


ең жеді аудандарының бірі саналады. Қысым градиентінің Қаратай жотасының солтүстігіндегісі мен онтүстігіндегінің айырмасы үлкен болған жағдайда қатты



Меркі өнірі

желдер пайда болады. Оның жылдамдығы кейде 28 м/сек-қа жетеді. Қатты желдердің 50%-ы сөүір айына келеді.

Қыс басқа аудандарға қараганда ұзак өрі суық. Орташа айлық теріс температура 5 айға дейін созылады. Қантар айының орташа температурасы $-7 - 8^{\circ}\text{C}$, кейбір жылдары $-14 - 15^{\circ}\text{C}$. Суық ауа массасының қарқынды енуі, антициклондық ауа райының қалыптасуы нәтижесінде кейбір жылдары желтоқсан мен ақпан айларындағы орташа температура $-15 - 16^{\circ}\text{C}$ -ты құрайды. Ең төменгі температура (-46°C)



Тараз қаласы түсындағы Талас өзені


Сібірдің ызғарындай болады. Бірақ кейде онтүстіктен жылы ауа массасының келуінен қыста температура $14 - 15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, ал желтоқсанда 22°C -қа дейін жылынады. Жаз қоңыржай ыстық, шілденің орташа температурасы 21°C , кей жылдары $21 - 24^{\circ}\text{C}$ -қа жетеді. Ыстық кезең 43 — 55 күн. Жер тез қыздады, бұлттылық аз. Ауаның салыстырмалы ылғалдығы 40%, күндіз 27 — 36%. Бірақ жаз айларында да температура төмендеп кетуі мүмкін. Шілде, тамыз айларында да 0°C , кейде -4°C болуы мүмкін. Құздегі алғашқы үсік қыркүйектің басында болады. Аяzsыз күндер аз — 116 күндей, ал температура амплитудасы 86°C . Жуалы қазаншұңқырының оқшау орналасуы нәтижесінде жауын-шашының мөлшері көп емес. Жауын-шашын мөлшері шығыстан батысқа қарай ұлғаяды (318 мм-ден 578 мм-ге дейін). Құргақ жылдары оның мөлшері бар-жоғы 150 — 180 мм. Жылдың ең ылғалды айы — сөүір, ең құргақ айы — тамыз. Қазан-ның аяғында, қарашаның ортасында қар жамылғысы пайда болады. Оның қалындығы 30-см-ге жетеді. Ол орта есеппен 93 күн жатады. Аудан Онтүстік Қазақстандағы қарлы боран ең көп болатын аудан саналады. Қарқынды вегетация мерзімі 160 күн, температура жиынтығының мөлшері $2500 - 3000^{\circ}\text{C}$.

Талас аңғары климаттық ауданы. Ауданның климаты қоңыржай ыстық, куан. Аудан батысында Қаратай жотасы мен Талас Алатауы және шығысында Қыргыз Алатауы аралығында, теніз деңгейінен 600 м-ден 1500 м биіктікте орналасқан. Солтүстік жағы ашық, батысында Қаратай жотасымен шектелген. Жергілікті орографиялық жағдай (аңғарлық жағдайы) оның жел режимін анықтайды. Мұнда онтүстіктің желі басым (42%). Желдің 50%-ы наурыз — мамыр айына келеді. Жылына 54 күн қатты жел соғады. Қыс айларының орташа температурасы -10°C , кейбір жылдары ол -14°C -

ка төмендейді. Төңірегіндегі аудандарға қарағанда мұнда қыс жұмсақтау. Жазы ыстық өрі анызак. Жаз айларының орташа температурасы 24°C . Оңтүстік-батыстан келетін ылғалдың тасасында қалғандықтан Талас аңғарында жауын-шашын аз жауады. Жауын-шашын жылдың жылы мезгілдерінде басым. Көктемде жылдық жауын-шашынның 40%-ы түседі. Қысқы және ауыспалы маусымдарда Талас аңғарында түман жиі байқалады. Аңғардың төменгі бөлігінде қар жамылғысы тұрақты емес және ол үзақ жатпайды. Жылу қоры, топырақтың құнарлығы және су қорының мол болуы мұнда қант қызылшасын, темекі, жүгері, т.б. отырғызуға қолайлы. Сонымен бірге бау-бақша, жузімдік, т.б. өсіруте барлық жағдай бар.

18

Солтүстік Қыргыз климат-



Қыргыз Алатауы




Мақпал шатқалы


тық ауданы. Бұл климаттық ауданға Қыргыз Алатауының солтүстік беткейі, Талас және Аспара өзендері аңғары аралығындағы батыс бөлігі кіреді. Қөптеген өзен аңғарларының климаттық жағдайы беткей экспозициясының және қоршаган орографиялық ортаға төуелді. Оның климаты қыста Азиялық антициклонның, жазда Орта Азиядан келетін термиялық депрессияның ықпалында болады. Кең тау алды жазығының жел режимі таулық-аңғарлық типке жатады. Мұнда аңғар бойымен оңтүстік және оңтүстік-батыс желдері согады. Жылына қатты соғатын жел $10 - 16$ күнди қурайды. Ол, негізінен, көктем айларында байқалады. Желге температуралық режим, сонымен бірге жер бедері де үлкен ықпал етеді. Меридиан бағытта орналасқан аңғарлардың қысы сүзік болады (қаңтардағы орташа температура $-6,5 - 10^{\circ}\text{C}$). Қыс 4 айға жуық созылады, бірак

бұл антарларға оңтүстікten жiе-жiе жылымық келеді. Қаңтар айының өзінде де күндізгі жылымық екі күннің бірінде болады. Жаз антарлардың төменгі бөлігінде ыстық, басқа жерлерінде қоныржай жылы ($16 - 17^{\circ}\text{C}$). Жауын-шашының түсі біркелкі таралмаган: беткей экспозициясының орналасуына қарай $290 - 300$ мм-ден $400 - 500$ мм-ге дейін. Жауын-шашын кектем, жаз айларында мол түседі. Қөрші Талас антарына қарағанда қыста жауын-шашын аз болады. Жыл ішінде 6 ай жауын-шашын қар түрінде түседі. Қардың қалыңдығы төменде 10 см, орташа биіктіктерде 30 см. Қар жамылғысы 50 күндей жатады. Жауын-шашының мол жауатын кезі сәүір — маусым.

Корыта айтқанда, облыстың климаты біршама күрғактығымен және континенттілі-



Тау езені



Қаратудағы сарқырама

гімен ерекшеленеді. Мұны облыс аумағының Еуразия құрлығының орта түсінде орналасқандығы, мұхиттардан алыстырығы, ауа райының ашық болуына мүмкіндік тузызатын атмосфералық айналымның оңтүстік ендікте орналасқандығымен түсіндірге болады. Климаттың континенттігі ауаның күндізгі мен түнгі, қыс пен жазғы температуралық қараламасыз етептің оңтүстік ендікте орналасқандығымен түсіндірге болады. Климаттың континенттігі ауаның күндізгі мен түнгі, қыс пен жазғы температуралық қараламасыз етептің оңтүстік ендікте орналасқандығымен түсіндірге болады. Климаттың континенттігі ауаның күндізгі мен түнгі, қыс пен жазғы температуралық қараламасыз етептің оңтүстік ендікте орналасқандығымен түсіндірге болады. Климаттың континенттігі ауаның күндізгі мен түнгі, қыс пен жазғы температуралық қараламасыз етептің оңтүстік ендікте орналасқандығымен түсіндірге болады. Жазық өнірлерде жауын-шашын аз ($100 - 300$ мм). Қар қабаты жұқа ($10 - 15$ см). Оңтүстік аудандарда тұрақты қар жамылғысы болмайды. Облыстың барлық дерлік аумақтарында шығыстан және солтүстік-

шығыстан аңызақ жел соғады, қыыр оңтүстік және оңтүстік-батыста аңызақ жиқайталанады.

Су қорлары. Өзендері. Облыста жер беті ағыны біркелкі таралмаған. Өзендер, неғізінен, облыстың оңтүстігіндегі Қырғыз және Талас Алатаулырының солтүстік беткейлерінен бастау алады. Олардың басым бөлігі Шу және осы өзендердің салалары болып табылады. Облыс аумағындағы ең ірі және ұзын өзен — Шу (1186 км). Ол Қырғызстан аумағында Тянь-Шань тауларынан басталады. Табигаты көркем Буам шаткалынан өткен соң облыс аумағына кіреді. Облыстағы оның ұзындығы 800 км. Шаткалдан өткен соң ағысы баяулап жазықтағы кең анғарлы өзенге айналады. Облыс аумағында оған жалғыз Қорагаты өзені қосылады. Шу өзінің аңғарында кішігірім көлдер тобын түзей отырып, Тұран ойпатының шығысындағы (жазығындағы) (Аңықөл — Ақжайын ойысы) құмға сініп кетеді. Шу су жинау сипаты жағынан аралас толығатын өзендер қатарына жатады. Өзен ағынын реттеу және суару мен суландыруға пайдалану үшін Шу қаласынан жоғарғы бөлігінде оған Тасөткел бөгөні салынды. Облыстағы екінші үлкен өзен — Талас. Облыс аумағындағы ұзындығы 453 км. Ол Қырғыз Алатауы мен Талас Алатауы мұздықтарынан шығатын Қарақол және Үшқоша өзендері қосылған жерден басталып, Мойынқұмның батысындағы Айдын көліне құяды. Көпжылдық мұз, кар, жауын-шашын сүймен толығады. Өзен анғарында бірнеше бөгөндер (Киров, Юбилейный, Жінәлі, Қазакбай, т.б.) салынған. Сүйн жер суаруға және суландыруға пайдалану үшін Талас — Аса каналы тартылған. Таласқа оның ірі саласы — Аса өзені (уз. 253 км) сол жақтан құяды. Облыстары көптеген кішігірім өзендер (Шабакты, Боралдай, Бүркітті, Теріс, Шалсу, Қаралықтақ т.б.) Қырғыз Алатауынан, Қаратай жотасынан бастау алады. Шу-Іле және

Қаратай жотасынан басталатын өзендердің барлығы дерлік жаз айларында құрғап қалауды, не жылғаларға айналады.



Шу өзені

Көлдері. Облыс аумағына Балқаш көлінің оңт.-батыс бөлігі кіреді. Жағалауынан 1,5 — 2 км жерде Қашқантеніз көлі (аумағы 18,5 мың км²) орналасқан. Облыс аумағындағы ең ірі көл — Билікөл (ауданы 86,5 мың км²). Оның суы тұщы. Көлде көксерке, жайын, сазан, табан балық, т.б. бар. Билікөлден басқа Аңықөл (суы сортан), Ақкөл (тұзды), Айдын (тұзды), т.б. кішігірім көлдер бар. Жалпы, көлдердің басым бөлігі Талас анғарында орналасқан.

Жер асты суы. Облыста арыны жоғары бірнеше жер асты су алаптары бар. Олардың ең ірісі — Аса-Талас артезиан алабы (аумағы 6000 км²). Оның суы 100 — 300 м³/с тереңдіктен шығады. Суы палеоген және неоген шөгінділерінде жатыр. Артезиан үңғымасынан тәулігіне 7000 м³/с алынады. Одан басқа облыс аумағында (Сарысу және Талас ауданы аумағында) Кіши Қаратай жер асты су алабы орналасқан. Ол кембрий-ордовик кезеңдерінің карстік жарықшакты әктастарында таралған. Сулы қабаттың қалындығы 40 — 300 м. Үңғымалардан тәулігіне 2,2 — 86,4 мың м³ су шығады. Өзен анғарларында көптеген қайнар бұлактар (Жылдыбылак, т.б.) бар. Одан басқа алапта 10-нан астам жер асты су көздері